"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1088 07.03.2018ж

«Global Arh Stroy» ЖШС-нің
директоры
Н.Қ.Нұрсейітовке

Сіздің 26.02.2018 жылғы №10, 11 *(кіріс ЗТ-Н-216,217 26.02.2018ж)* өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* 2017 жылдың 29 желтоқсанда веб-порталға жарияланған №2162211-1 және 2161830-1 «Отырар ауданының ішкі көшелерін орта жөндеу» хабарландырулары бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Веб-порталдағы конкурстық құжаттамаға осы конкурста сатып алуға қажетті жұмысты атқару үшін техникалық ерекшелігі тіркелген. Осы техникалық ерекшелікте басқа техникалармен қатар *«Катки дорожные самаходные гладкие 13 т, «Катки дорожные самаходные гладкие 8 т,»* техникаларының болуы керек деген талап қойылған.

Конурстық комиссия Сіздің, конкурстық өтініміңізді *«ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" №648 бұйрығының 150-тармағының, 1)-тармақшасының 6 абзацына сәйкес еңбек және материалдық ресурстарын иелену бөлігінде сәйкес келмеу, Катки дорожные самаходные гладкие 13 т, құрылыс техникалары жеткіліксіз. "АНК Даму" ЖШС-ның "Базис-К" ЖШС-нан жалға алған каток YZ8 жол құрылыс техникасын конкурстық құжаттамаға 5-*

қосымшада көрсетпеген. Конкурстық құжттамаға 5-қосымшаның ескертпе бөлігінің 16-абзацына сәйкес техникалардың бірін-бірі алмастыруы жобалаушымен келісіледі» деген себептермен конкурстан шеттеткен.

Сонымен қатар, «Global Arh Stroy» ЖШС-нің өтініміндегі біліктілігі туралы мәліметінде *«Катки дорожные самаходные гладкие 13т, «Катки дорожные самаходные гладкие 8 т»* техникасы ұсынылмағандығы анықталды.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетеінің 2018 жылдың 28 ақпанындағы №КВГА-5-13/1432 хатына сәйкес Қағиданың 382 тармағы 2-тармақшасының 1 және 2 абзацтарында *«Консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу консорциялық келісімде айқындалған консорциум қатысушыларының біріне қатысты қолданылады. Бұл ретте шарт конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады»* делінген.

Алайда, «Global Arh Stroy» ЖШС-гі бірлесіп жұмыс істеу мақсатында әлеуетті өнім беруші «АНК Даму» ЖШС-мен консорциумдық келісімге тартқан. Консорциялық келісімде өлшемшарттарды есептеу айқындалған консорциум мүшесі «АНК Даму» ЖШС-нің жұмыс тәжірбиесіне қатысты баллдары есептелген жағдайда осы әлеуеті өнім берушімен келісім шартқа тұрудың орнына әлеуетті өнім беруші «Global Arh Stroy» ЖШС-мен келісім шартқа тұрады деп көрсетілген. Нәтижесінде Қағиданың 150 тармағының 2-тармақшасының және 382 тармағының 2 тармақшасының талаптарын сақтамағандығы анықталды.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Департамент
басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.Умирбеков У.
Тел: 35-06-06